Цикл уроков: Ораза қабыл болсын

Жанболат Сапашов: Уағыз

БЕЙНЕ НҰСҚА | АУДИО НҰСҚА

بسم الله الرحمن الرحيم

الحمد لله

و الصلاة و السلام عل محمد ى

السلام عليكم و رحمة الله و بركاته

Бізді жоқтан бар етіп жаратқан, жұп-жұп етіп жаратқан әуелі Аллаһ Тағалаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын және де Пайғамбарымыз ﷺ бізге бақытты күн кешуді, бақытты отбасы болуды үйреткен тәлімгерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Жалпы бізге берілген тақырып - «Жанұя жарасымы». Жанұя бақытты болу үшін не істеу керек және кімнен үлгі алу керек? Бұны бізге Аллаһ Тағала Құран кәрімде баяндап қойған:

> **«Сендер үшін Пайғамбарда өте үлкен өнеге бар».**

Бақытты отбасы құрып, бақытты күндер кешу үшін батысқа немесе басқа да бір әртістерге еліктеудің қажеті жоқ. Егер Пайғамбарымыз ﷺ өміріне қарасақ, жақын таныссақ сол бізге жеткілікті. Енді, адам бақытты болуы үшін не істеуі керек? Бірінші бір-біріне шынайылықпен, сеніммен қарау керек. Екінші мәселе, бақытты отбасы болу үшін жақсылыққа бұйырып, бір-бірін жамандықтан тыйу керек. Аллаһ Тағала бұған қатысты Құран Кәрімде айтады:

> **«Сендер ең хайырлы үммет етілдіңдер. Бір-бірінді жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтарумен сендер ең хайырлы үммет етілдіңдер».**

Міне, бақытты отбасы болу үшін, біз-бірімізді жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйылуға шақыруымыз керек. Осы жерде тағы айтылып кететін нәрсе бар. Бірінші тарап жамандықтан жақсылыққа шақырған кезде, екінші тарап соған түсіністікпен қарап, барынша дұрыс қабылдап, өзінің бойында қателік болса мойындап, сол қателігімен жұмыс жасауға әрекет жасауы қажет.

Енді, бақытты отбасы болудың тағы бір қағидаты – ерлі-зайыптылар бір-бірінің кемшіліктерін көркем түрде түзету. Пайғамбарымыз ﷺ өміріне қарайтын болсақ, Айша анамыз екеуінің арақатынасынан осыны үйренуімізге болады.

Бірде Айша анамызға қызметшісі ыдыс әкеліп беріп, ыдыстың кімнен келгенін естіген кезде, Айша анамыз ашуға бой алдырып, сол ыдысты сындырып қойған. Ол Пайғамбарымыз ﷺ басқа әйелінен келген ыдыс еді. Сол кезде, жақын жүрген адамдар бұл істі естіп, таңғалған кезде, Пайғамбарымыз ﷺ: «Ол жай ғана ашуға бой алдырды», деп мәселені жылы жаба салды. Кейін, барынша Айша анамызбен жұмыс жасап, ол амалдың дұрыс емес екендігін түсіндіреді. Осылайша бір-біріне түсіністікпен қарайтын болған.

Келесі, бақытты болу үшін ұстанатын қағида, ол бір-бірінің айыптарын жасыру. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бұл мәселеге байланысты:

> **«Олар сендердің киімдерін және сендер де олардың киімдерісіндер».**

Мысалы айтатын болсақ, адамның денесін ыстықтан қорғайтын ол – киім және денесін, ұятты жерлерін қорғайтын да сол киім. Міне, дәл сол секілді ерлі-зайыптылар бір-бірінің жақсылығын асырып, жамандығын жасыруға әрекет жасаулары қажет. Бір-бірінің ар-намысын таптамай, сақтауға барынша тырысулары қажет. Бұл да, бақытты отбасы болудың қағидаттарының бірі болып есептеледі.

Келесі айтатын нәрсе, жарынның қалауын терең сезіну. Яғни, нені ұнатады, соны барынша түсіну, соған әрекет қылып, алып беруге тырысу. Бұл да жанұяның жарасымды болуы үшін мән берілетін дүниелердің бірі болып есептеледі.

Одан кейін, тағы бір айтылатын нәрсе – отбасыға уақыт, көңіл бөлу. Пайғамбарымыз ﷺ Айша анамызбен ойнап, қалжыңдасатын болған. Бізге келетін хадистерде, Пайғамбарымыздың ﷺ

Айша анамызбен жарысқандығы, ойнағандығы жайлы келеді. Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шыққан кезде жеребье тастап, өзімен сапарға әйелдерінің біреуін ертіп жүруі секілді мәселелердің барлығы Пайғамбарымыздың ﷺ отбасына ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Мысалы, қыздарына көп көңіл бөлгендігі соншалықты, Пайғамбарымыз ﷺ ұлдарынан гөрі, қыздарың көбірек жақсы көретін болған.

Одан бөлек тағы айтылатын мәселе – сабырлық мәселесі. Отбасы болғаннан кейін өмірде неше түрлі қиындықтар, ащы да тұщы кездер болады. Сондай жағдайларда барынша бір-бірін сабырлыққа, төзімділікке шақыру керек. Мысалы, Пайғамбарымыз ﷺ отбасында тіпті қазан қайнамаған күндер де өте көп болған. Пайғамбарымыз ﷺ бірде таңғы уақытта Айша анамызға кіріп келіп «Жейтін бірдеңе бар ма?», деп сұрағанда, Айша анамыз, тіпті бір жұтым құрманың жоқ екендігін атйқан кезде, Пайғамбарымыз ﷺ : «Онда мен оразамын» деп, оразасын жалғастырып кете берген.

Міне, бізге бақытты өмір сүруімізге, бақытты өмір сүру үшін үлгі тұтарлық адам – Пайғамбарымыз ﷺ. Себебі жоғары айтылған аятта Аллаһ Тағала айтады:

> **«Сендер үшін Пайғамбарда өте үлкен өнеге бар».**

Біз осы Пайғамбарымызбен ﷺ жақын танысып, әйелдерімен қарым-қатынасын оқып білетін болсақ, бала-шағаларымен қандай қарым-қатынаста, қыздарымен қандай қарым-қатынаста болғандығын оқып-білетін болсақ және соған амал жасайтын болсақ, сол кезде нағыз бақытты отбасы құруға бізде үлкен мүмкіндік болады.

© Авторские права на статьи и осуществленные переводы статей из других источников принадлежат сайту Azan.kz.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.